

2007 жылғы 1 желтоқсандағы сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары


2007 жылдың он бір айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 22,3%-ға көп болып, 133 601,1¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.12.2006 ж. На 01.12.2006г.		01.12.2007 ж. на 01.12.2007г.		01.12.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	Үлесі %-бен	сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	109 216,4	100,0	133,601,1	100,0	22,3
Міндетті сақтандыру	16 448,51,2	15,1	18 130,2	13,6	10,2
Ерікті жеке сақтандыру	11 048,2	10,1	14 827,6	11,1	34,2
Ерікті мүліктік сақтандыру	81 719,7	74,8	100 643,3	75,3	23,2

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 10,2%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 34,2%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 23,2%-ды құрады.



2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын есепке алмай көрсетіліп отыр

¹ сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 41,4% (7 507,3 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 41,4% (7 507,3 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 6,3% (1 137,5 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға және басқаларға зиян келтірудің 13,1 % қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,2% (4 819,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 28,0% (3 129,7 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 17,3% (1 936,9 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 11,3% (1 269,3 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 39,3% (30 162,7 млн. теңге); мүлікті сақтандыру (автомобильді, әуе көлігін, теміржол көлігін, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) бойынша - 27,3% (20 978,1 млн. теңге); азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 18,7% (14 320,0 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі мынадай көрініс алды:

млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша Сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.12.2006 ж. на 1.12.2006г.		1.12.2007 ж. на 1.12.2007г.		1.12.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	109 216,4	100,0	133 601,1	100,0	22,3
Өмірді сақтандыру	3 327,4	3,0	4 274,7	3,2	28,5
Жалпы сақтандыру	105 889,0	97,0	129 326,4	96,8	22,1


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 4 274,7 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 28,5 %-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2006 жылғы 1 желтоқсандағы 3,2%-ға қарсы 3,0 % болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы он бір айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 129 326,4 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 22,1% -ға көп.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"



Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 56 859,6 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 42,6%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 29,6%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 13 545,0 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының 33,3%-ы берілді.


Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 14 977,2 млн.теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2 917,1 млн.теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.12.2006 ж. на 1.12.2006г.		1.12.2007 ж. на 1.12.2007г.	
	сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен	сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	38 004,5	34,8	56 859,6	42,6
резидент еместерге	33 664,4	30,8	44 542,6	33,3
резиденттерге	4 340,1	4,0	12 317,0	9,2
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	472,9	0,4	2 917,1	2,2

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының құрамы

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықтар – 94,1%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,6%, міндетті сақтандыру бойынша – 4,3% болды.

Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың он айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,7 есе өсіп, 43 018,6² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 25,6% (11 002,9 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.12.2006 ж.		1.12.2007 ж.		млн. теңге 1.12.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	11 701,9	100,0	43 018,6	100,0	в 3,7 рет раза
Міндетті сақтандыру	4 287,6	36,6	5 158,2	12,0	20,3 %
Ерікті жеке сақтандыру	1 744,8	14,9	3 740,0	8,7	в 2,1 рет раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	5 669,5	48,5	34 120,4	79,3	в 6,0 рет раза


² сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование

2007жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 57,7% (2 975,6 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 32,3% (1 138,2 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын және басқаларды сақтандыру бойынша 9,1% (470,4 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 71,5% (2 673,9 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 13,6% (508,3 млн. теңге) және аннуитетті сақтандыру бойынша – 8,6% (320,6 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 6,3% (236,3 млн. теңге) төлемдер болды.

ерікті мүліктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 87,8% (29 947,6 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 4,9% (1 656,5 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлік, әуе жолы, темір жол, су көлігі және жүкті сақтандыру) – 3,2% (1 100,5 млн. теңге), басқасы бойынша – 4,1% болды.



2007 жылдың он бір айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 69,6% -ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокерлері және 43 актуарийлер лицензиялы қызметін жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.12.2006 ж.	01.12.2007 ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	37	41
	3	7
өмірді сақтандыру бойынша	12	14
Сақтандыру брокерлерінің саны	30	43

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 121 830,9 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.12.2006 ж.	1.09.2007 ж.	1.12.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	130 675,2	218 867,1	67,5
Міндеттемелер	56 423,5	97 036,2	72,0
Оның ішінде сақтандыру резервтері	49 448,2	88 577,0	79,1
Басқа міндеттемелер	6 975,3	8 459,2	21,3
Меншікті капитал (баланс бойынша)	74 251,7	121 830,9	64,1

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 желтоқсанда 218 867,1 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 желтоқсандағы осындай көрсеткіштен 67,5%-ға көп, оның ішінде:

млн. теңге

Активтер	1.12.2006ж.		1.12.2007 ж.		1.12.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Қолма-қол ақша	6 074,2	4,6	7 201,1	3,3	18,6

Орналастырылған салымдар	23 809,7	18,2	56 473,3	25,8	в 2,4 рет раза
Бағалы қағаздар	62 989,1	48,2	77 910,3	35,6	23,7
«кері РЕПО» операциясы	14 211,7	10,9	24 021,8	11,0	69,0
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	12 968,5	9,9	10 890,0	5,0	-16,0
Негізгі қаражат	2 773,7	2,1	4 022,8	1,8	45,0
Материалдық емес активтер	–	–	30 989,3	14,2	
Басқа дебиторлық берешек	3 772,1	2,9	4 855,6	2,2	28,7
Басқа активтер	4 076,2	3,2	2 502,9	1,1	-38,6
Активтер жиынтығы	130 675,2	100,0	218 867,1	100,0	67,5

Сақтандыру рыногының шоғырлануы


Қарастырылып отырған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногының шоғырлану деңгейі жоғарылағаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 54,0%-ы және сақтандыру төлемдерінің 77,90%-ы келеді.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.12.06	01.12.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	47,0	53,2
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	74,6	76,4
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	49,0	79,7
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	75,5	89,0
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	50,9	51,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	55,8	56,3

Міндеттемелер. 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 30,0% өсе отырып, 97 036,2 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 88 577,0 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 желтоқсанда қалыптасқан резервтер көлемінен 79,1% артық.

Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов,
млрд. тенге



Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.12.2006 ж. на 01.12.2006г.	01.12.2007 ж. на 01.12.2007г.
ЖІӨ, млрд. тенге	10 140 ³	12 464 ⁴
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,08 ⁵	1,07 ⁶
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,73	0,98
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,29	1,76
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	7 281	8 907

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ Статистика агенттігінің деректері бойынша

По данным Агентства по статистике

⁴ -Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің 2007 жылға арналған болжамды деректері

- прогнозные данные Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан на 2007 год

⁵ -2006 жылғы қаңтар-қазан айлары үшін қабылданған сақтандыру сыйлықақылары
страховые премии, принятые за январь-ноябрь 2006 года

⁶ - 2007 жылғы қаңтар-қазан айлары үшін қабылданған сақтандыру сыйлықақылары
- страховые премии, принятые за январь- ноябрь 2007 года